

"Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 мамырдағы N 452 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы **Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында адам өмірінің, денсаулығының, тұтынушылардың мүдделерінің және қоршаған ортаны қорғаудың кепілдігі үшін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін белгілейді.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің, қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерден және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қауіп-қатерлерді талдау - өзара байланысқан үш компоненттерден: қауіп-қатерлерді бағалау (ғылыми пікір мен ақпаратты талдау), қауіп-қатерді басқару (заңдар мен бақылау) және қауіп-қатер туралы ақпараттан тұратын қауіпті факторлар мен қауіп-қатерді бағаларды айқындау үшін ақпаратқа қол жеткізуді пайдалану **п р о ц е д у р а с ы н а н т ұ р а д ы ;**

2) тамақ өнімінің қауіпсіздігі - оның салдарының қауіпті әсер мен ауыртпалық деңгейін іске асыру мүмкіншілігін байланыстыруын қоса есептегенде адам өміріне, денсаулығына зиян келтіруімен және тұтынушылардың мүдделерін бұзуымен байланысты тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жаратудың және жоюдың барлық процестерінде (сатыларында) жол берілмейтін **қ а у і п - қ а т е р д і ң б о л м а у ы ;**

3) тамақ өнімінің биологиялық құндылығы - тамақ өнімінің қуаттылық, белоктар, майлар, көмірсутегілер, витаминдер, макро- және микроэлементтерді қамтыған с и п а т т а м а с ы ;

4) тағамға қосатын биологиялық белсенді қоспалар - жеке қолдану немесе тамақ өнімінің құрамына енгізуге арналған табиғи (табиғи заттармен бірдей) биологиялық б е л с е н д і з а т т а р ;

5) биологиялық таза тамақ өнімі - биологиялық таза тамақ өнімін өндіру стандарттарына сәйкес дайындалған тамақ өнімі;

6) ветеринарлық сертификат - шекарада және көлікте ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының әрбір өнімнің партиясына беретін белгіленген нысандағы в е т е р и н а р и я л ы қ к ү ж а т ;

7) генетикалық түрлендірілген объектілер - гендік инженерия әдістерін қолдана отырып, өсімдіктен және (немесе) малдан алынған шикізат пен өнім, оның ішінде генетикалық түрлендірілген көздер мен организмдер;

8) дайындау күні - тамақ өнімін өндіру (дайындау) процесінің (сатысының) а я қ т а л ғ а н к ү н і ;

9) тамақ өнімінің қауіпсіздігін куәландыратын құжат - тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарымен тамақ өнімінің әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерінде пайдаланатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен жабдықтардың сәйкестігі, тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, тамақ өнімінің сәйкестігін куәландыратын, ветеринариялық-санитарлық қорытынды немесе сәйкестік сертификаты, санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды немесе в е т е р и н а р и я л ы қ к у ә л і к ;

10) тамақ өнімін бірдейлендіру - тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым және қайта кәдеге жаратудың барлық процестерінде (сатыларында) ерекшелейтін белгілері бойынша өнімді бірмағыналы тануды қамтамасыз ететін рәсім;

11) қауіп-қатер туралы хабар - тамақ өнімі қауіпсіздігіне жауапты адамдар, сондай-ақ барлық басқа да мүдделі тараптар арасында қауіп-қатер туралы мәліметтермен өзара уақытылы алмасу;

12) мал азығы - адам үшін тамақ көзі болып табылатын малға сіңімді түрдегі қоректік заттары бар өсімдіктен, малдан және микробиологиялық, минералдық жолдармен алынған өнімдер;

13) мал азығына қоспалар - адам үшін тамақ көзі болып табылатын мал рационында жетіспейтін тағамдық, минералдық заттар және витаминдердің көздері ретінде пайдаланылатын органикалық, минералдық және (немесе) синтетикалық жолдармен а л ы н ғ а н з а т т а р ;

14) таңбалау - тамақ өнімін дайындаушы тұтыну ыдысына (орамаға), этикеткаға қосымша параққа, жапсырмаға (стикерге) түсіретін ақпарат;

15) тамақ өнімімен байланыста болатын материалдар мен бұйымдар (бұдан әрі - материалдар мен бұйымдар) - тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерінде (сатыларында) пайдаланылатын материалдар мен бұйымдар, оның ішінде технологиялық жабдықтар, аспаптар мен қондырғылар, ыдыс, буып-түйетін материалдар, ыдыс-аяқ, асханалық керек-жарақтар;

16) жол берілмейтін қауіп-қатер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленгеніндей тамақ өнімінің қауіпсіздігі мүмкін деңгейінен артық қауіп-қатер;

17) нормативтік-техникалық құжаттама - тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерін (сатыларын) реттеу үшін қажетті құжаттар;

18) байытылған (фортификацияланған) тамақ өнімі - тамақтың құндылығын арттыру үшін бір немесе одан да көп қажетті ингредиенттер және тамақ өнімінде бастапқыда болмаған немесе өндіру (дайындау) процесінде (сатыларында) жоғалтылған басқа да заттар қосылған, ауруды болдырмау мақсатында енгізілген тамақ өнімі;

19) тамақ өнімінің айналымы - тамақ өнімдерін кіргізуді және шығаруды қоса алғанда, тамақ өнімін сату (сату немесе жеткізіп беру), сонымен қоса соған байланысты бөлшектеп өлшеп салу, буып-түю, таңбалау, сақтау және тасымалдау процестері (сатылары);

20) қауіпті тамақ өнімі - пайдаланған кезде адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін жол берілмейтін қауіп-қатер тудыруы мүмкін өнім;

21) қауіп-қатерді бағалау - зиянкестердің немесе аурулардың кіру, тамырлану немесе таралу ықтималдығын және осымен байланысты әлеуетті биологиялық және экономикалық салдарын бағалау немесе тамақ өнімдерінде қоспалардың, ластанған заттардың, токсиндердің немесе ауру тудыратын организмдердің қосылуынан адам мен мал денсаулығына жағымсыз әсерлердің мүмкіншілігін бағалау;

22) тамақ өнімінің партиясы - бірыңғай өнімдердің оның қауіпсіздігін куәландыратын, бір құжатпен сүйемелденетін, бірдей жағдайларда өндірілген (даярланған) және (немесе) буып-түйілген кез-келген жиынтығы;

23) ауыз су - адамның тұтынуы үшін немесе өнімдерді өндіру үшін арналған адам тұтынатын және қауіпсіздік талаптарына сай келетін су;

24) азық-түлік өнімі - шикізаттар, тамақ өнімдері, арнайы арналған тағамдар, ауыз су, адам тұтынатын тамаққа қосылатын тағамдық қоспалар және биологиялық белсенді қоспалар, адам үшін тамақ көзі болып табылатын малға берілетін азықтар және азық қосындылары;

25) ветеринарлық бақылауға жататын тамақ өнімі - тамаққа тиісті өңдеусіз пайдаланылмайтын мал өнімдері мен шикізаттары, сонымен қоса азық және азық

қ о с п а л а р ы ;

26) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімі - ветеринарлық бақылауға жататын тамақ өнімінен басқа тамақ өнімі;

27) өнімнің тағамдық құндылығы - қоректік заттардағы энергетикалық құндылығымен, құрамы және дәмдік қасиетімен анықталынатын организмді қанағаттандыру дәрежесі;

28) тамақ қоспалары - олардың биологиялық және энергиялық құндылықтарына әсері тимейтін, оларға берілген құрамды сақтап қалу мақсатында өндіру (дайындау) процестерінде (сатыларында) тамақ өніміне арнайы енгізілетін табиғи және жасанды заттар мен олардың қоспалары;

29) тамақ өнімі - адам тамақ ретінде тұтыну үшін арналған табиғи немесе қайта өңделген түрдегі өнім;

30) тамақ өнімінің қауіпсіздік көрсеткіші - адам мен мал денсаулығы үшін қауіп төндіретін химиялық, радиоактивтік, токсикологиялық заттар және олардың қоспалары, микроорганизмдер және басқа да биологиялық организмдердің рұқсат етілген деңгейі;

31) балалар тағамы өнімі - балалардың тамақтануына арналған және бала организмнің физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келетін арнайы белгіленген тамақ өнімі;

32) азық түлік өнімін өндіру (дайындау) - тамақ өнімін бөлшектеп өлшеп салу, орау, таңбалау, сондай-ақ ішкі өндірісті сақтау және тасымалдаумен байланысты технологиялық кезеңді қоса алғандағы тамақ өнімін әзірлеу процестері (сатылары);

33) тамақ өнімін бақылап отыру - бұл тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта жарату және жою кезіндегі барлық процестерінде (сатыларында) оның шыққан жерін, қозғалысын және тұрған жерін бақылап отыру мүмкіншілігі;

34) әзірлеу (жасау) - жаңа өндірісті және (немесе) жаңа тамақ өнімдерін ұйымдастыру үшін қажетті үлгілер мен (немесе) техникалық құжатты жасау процесі;

35) жарамдылық мерзімі - тамақ өнімінің өндіру (дайындау), айналым кезеңдері шарттарын ұстанған жағдайда мақсаты бойынша пайдалану үшін тамақ өнімінің қауіпсіз деп саналатын кезеңі;

36) субъект - тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

37) шикізат - тамақ өнімін өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын өсімдіктен, малдан, микробиологиялық, химиялық және минералдық жолдармен алынған объектілер;

38) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламент - тамақ өнімінің қауіпсіздігіне және (немесе) оларды әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестеріне (сатыларына) техникалық реттеу бойынша

қойылатын қажетті ең аз міндетті талаптарды белгілейтін және Үкімет бекітетін
н о р м а т и в т і к - қ ұ қ ы қ т ы қ а к т ;

39) тамақ өнімін жою - тұтынуға және (немесе) ары қарай өңдеуге жарамайтын тамақ өнімдеріне адам мен малдың тамақ мақсаты үшін пайдалануына және қол жетуіне жол бермейтін әсер ету;

40) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы заңдық актілерімен белгіленген, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, кәдеге жарату және жою процестері (сатылары) кезінде пайдаланатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігін, тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, тамақ өнімінің мемлекеттік саясаты мен қауіпсіздікті бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н д а р ;

41) қауіп-қатерді басқару - қауіп-қатерді төмендету үшін қолданылатын шараларды анықтау, таңдау, сонымен қоса оларға мониторинг және тексеру жүргізу;

42) тамақ өнімін қайта кәдеге жарату - мақсатты бағыты бойынша жарамсыз тамақ өнімдерін пайдалану үшін басқа тамақ өніміне технологиялық қайта өңдеу;

43) экологиялық белгі - биологиялық таза тамақ өнімін таңбалау;

44) тамақ өнімінің энергетикалық құндылығы - адам мен малдың тұтыну нәтижесінде тамақ өнімінен бөлінетін және физиологиялық функцияларды қамтамасыз ететін қуаттың мөлшері.

3-бап. Осы заңның қолданылу саласы

1. Осы заң адам өмірі мен денсаулығы, тұтынушылар мүдделері мен қоршаған ортаны қорғау үшін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі анықтау, белгілеу, қолдану және ең аз қажетті талаптарды орындау бойынша қатынастарды р е т т е й д і .

2. Осы заңның реттеу объектілеріне Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тамақ өнімдері, сонымен қоса тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау) өндіру (дайындау) айналым, қайта кәдеге жарату және оларды жою процестері (сатылары) жатады.

2-тарау. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу

4-бап. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен принциптері

1. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары:

1) адам өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау үшін тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) тұтынушылар мүддесін қорғауды қамтамасыз ету;

3) кәсіпкерліктің дамуына көмектесу;

- 4) отандық өнімдердің бәсекелестік қабілеттілігін арттыру;
- 5) халықаралық сауданы дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 6) адам өмірін, денсаулығын және тұтынушылардың мүдделерін қорғау кепілдігінің қажеттілігін есепке ала отырып Қазақстан Республикасының заңнамасын халықаралық нормалармен және ережелермен үйлесімділігіне көмектесу;
- 7) қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 8) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

2. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеулер мынадай принциптер негізінде:

- 1) адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау үшін тамақ өнімінің қауіпсіздігінің басымдылығы;
- 2) адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиян әсер ету мүмкіншілігін ескерту;
- 3) мемлекет жүзеге асыратын шаралардың ашықтығы;
- 4) ақпараттың жариялығы, қол жеткізімділігі, шынайылығы;
- 5) қауіп-қатерлерді бағалаудың ғылыми негізділігі;
- 6) тамақ өнімін әзірлеудің (жасаудың), өндірудің (дайындаудың), айналымның, қайта кәдеге жаратудың және жоюдың барлық процестерінде (сатыларында) тамақ өнімін бақылап отыру;
- 7) тамақ өнімінің барлық процестерінде (сатыларында) оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге субъектілердің жауаптылығы жүзеге асырылады.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы құзыретіне:

- 1) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, сонымен қоса тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында алғаш өндірілетін және алғаш енгізілетін мал азығы қоспаларын, тағамдық биологиялық белсенді қоспаларын, генетикалық түрлендірілген объектілерді тіркеу тәртібін бекіту;
- 4) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы салалық (секторлық) бағдарламаларды бекіту;
- 5) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік органдардың салааралық қызметтерін үйлестіру;
- 6) адам өмірі мен денсаулығына және малға қауіп төндіретін тамақ өнімін алдырып тастау, қайта кәдеге жарату және жою тәртібін бекіту;
- 7) мемлекеттік тіркеуге жататын тамақ өнімінің әкелу (импорттан) тәртібін бекіту;
- 8) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы

талаптарымен әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, кәдеге жарату және жою процестері (сатылары) кезінде пайдаланатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігі тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдармен келісу тәртібін бекіту;

9) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын байытылған (фортификациялауға) тамақ өнімдерінің тәртібін бекіту;

10) тамақ өнімін өндіретін объектілерді тіркеу тәртібін бекіту;

11) ветеринариялық бақылауға жататын экспортқа шығаратын тамақ өнімінің объектілерін тіркеу тәртібін бекіту және осы өнімге ветеринариялық сертификат беру;

12) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарымен тамақ өнімінің сәйкестігін растау тәртібін бекіту;

13) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарымен тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, кәдеге жарату және жою процестері (сатылары) сәйкестігімен оны әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, кәдеге жарату және жою процестерінде (сатыларында) тамақ өнімінің сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыратын тәртіпті бекіту;

14) генетикалық түрлендірілген объектілердің айналым тәртібін бекіту;

15) генетикалық түрлендірілген объектілердің қауіпсіздігін ғылыми негіздеуі бойынша растайтын жұмыстарды жүргізу тәртібін бекіту;

16) консервіленген тамақ өнімінің тіркеу тәртібін бекіту;

6-бап. Уәкілетті органдардың тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы құзыреті

1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органдардың құзыретіне:

1) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттің саясатын іске асыру;

2) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарда Қазақстан Республикасын ұсыну;

3) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүргізу бойынша ұйымдастыру, үйлестіру;

4) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, нормативтік құжаттарды әзірлеу;

5) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімі қауіпсіздігінің мәселелері бойынша консультативтік-кеңес органдарын құру;

6) тамақ өнімінің жарамдылық мерзімі мен сақтау жағдайларын анықтайтын

н о р м а т и в т е р д і

б е к і т у ;

7) адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті, санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімнің сатылуына жол бермеу жөніндегі шараны айқындау және жасау мақсатында тұтыну нарықтарына санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және мониторинг жүргізу;

8) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласында нормативті-техникалық құжаттарды келісу;

9) Қазақстан Республикасының аумағында алғаш өндірілетін және алғаш әкелінетін тағамға қосылатын биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді мемлекеттік тіркеу және олардың тізілімін жүргізу;

10) тамақ өнімін өндіретін, сақтайтын, тасымалдайтын және сататын объектілерге санитарлық құжаттар беру нысаны мен тәртібін бекіту;

11) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарымен әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою кездерінде пайдаланатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігі тамақ өнімін әзірлеу (жасау) өндіру (дайындау), айналым, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін келісу;

12) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарымен тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою кездерінде пайдаланатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігіне тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою сатыларының сәйкестігіне әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату процестеріндегі (сатыларындағы) тамақ өнімінің сәйкестігіне санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;

13) тамақ өнімінің қауіпсіздігін анықтау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүргізу тәртібін бекіту;

14) тамақ өнімін әзірлеумен (жасаумен), өндірумен (дайындаумен), айналыммен, қайта кәдеге жаратумен және жоюмен байланысты қызметшілерді медициналық қараулар және гигиеналық оқу тәртібін бекіту;

15) табиғи минералды суларды пайдалануға ғылыми орталықтардың курортологиялық бальнеологиялық қорытынды беру тәртібін бекіту жатады.

2. Ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарда Қазақстан Республикасын ұсыну;

3) ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүргізу бойынша ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстары;

4) ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы нормативті құжаттарды әзірлеу;

5) ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімі қауіпсіздігінің мәселелері бойынша консультативтік-кеңес органдарын белгілеу;

6) Қазақстан Республикасының аумағында алғашқы өндірілетін және алғашқы әкелінетін мал азығы қоспаларын мемлекеттік тіркеу;

7) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге, әкелуге, қолдануға және сатуға рұқсат берілген мал азығы қоспаларының мемлекеттік тізілімін жүргізу;

8) ветеринариялық бақылауға жататын экспортқа шығаратын тамақ өнімінің объектілерін тіркеу тәртібін бекіту және осы өнімге ветеринариялық сертификат беру;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарымен ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің сәйкестігі туралы қорытынды беру;

10) ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы нормативті-техникалық құжаттарды келісу;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарымен ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) шарттарын бұзбауын бақылауды жүзеге асыру;

12) адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімін сатуға жол бермеу жөніндегі шараларды айқындау және жасау мақсатында тұтыну рыноктарына бақылауды және мониторингті жүзеге асыру;

13) тамақ өнімін өндіру (дайындау) және айналым процестерінде (сатыларында) ветеринариялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігіне ветеринариялық бақылауды жүзеге асыру жатады.

3. Тамақ өнімі өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органдардың құзыретіне:

1) тамақ өнімін өндірудегі объектілерді тіркеу және олардың тізілімін жүргізу;

2) консервіленген тамақ өнімдерін тіркеу;

3) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу жатады.

4. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеу туралы мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалардың салааралық жұмыстарын үйлестіру;

2) санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринариялық бақылауға жататын процедурадан басқа оны сату кезеңдеріне тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер талаптарына тамақ өнімінің сәйкестігіне бақылау.

5. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқару органдарының құзіретіне:

1) санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) тамақ өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау және сату объектілеріне санитарлық құжаттар беру есебін жүргізу және орнату;

3) тамақ өнімін әзірлеумен (жасаумен), өндірумен (дайындаумен), айналыммен, қайта кәдеге жаратумен және жоюмен байланысты қызметкерлерді медициналық қарауды және гигиеналық оқытуды жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

4) тамақ өнімінің қауіпсіздігін анықтау бойынша сараптама жүргізу;

5) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы талаптарымен тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым және қайта кәдеге жарату кезінде пайдаланатын машиналар мен жабдықтар, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігіне тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым және қайта кәдеге жарату процестерінің (сатыларының) сәйкестігіне оны әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым және қайта кәдеге жарату процестерінде (сатыларында) тамақ өнімінің қауіпсіздігіне санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жатады.

7-бап. Тамақ өнімінің қауіпсіздігіне мемлекеттік бақылау

1. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген өз құзыреті шеңберінде тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Тамақ өнімі қауіпсіздігіне мемлекеттік бақылауды жүргізу мақсатында, мемлекет - олардың материалдық-техникалық базасы мен қызметкеріне қойылатын талаптары халықаралық талаптарға сәйкес генетикалық түрлендірілген объектілердің сандық және сапалық құрамдарының мөлшерін анықтау үшін зертханаларды қосқандағы ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаудың мемлекеттік зертханалар жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

3. Жеке кәсіпкерлер субъектілері тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау, тексеруді тағайындау туралы акт шығарусыз жүзеге асырылады.

8-бап. Тамақ өнімін мемлекеттік тіркеу

1. Қазақстан Республикасында мал азығы қоспаларын, тағамдық биологиялық белсенді қоспаларын, генетикалық түрлендірілген объектілерін өндіру (дайындау), әкелу (импорт) және сату тек қана мемлекеттік тіркеуді өткізгеннен кейін, ерекше жағдайларда тіркеу сынақтарын өткізу қажеттілігі үшін өндіруге, әкелуге (импорт) р ұ қ с а т б е р і л е д і .

Қазақстан Республикасы аумағында алғаш өндірілетін (дайындалатын) және алғаш әкелінетін (импорттан) әкелінетін мал азығы қоспалары, тағамдық биологиялық

белсенді қосымшалары, генетикалық түрлендірілген объектілері мемлекеттік тіркеуге ж а т а д ы .

2. Қазақстан Республикасының аумағында алғаш өндірілетін (дайындалатын) және алғаш әкелінетін (импорттан) мал азығы қоспалары, тағамдық биологиялық белсенді қоспалары, генетикалық түрлендірілген объектілерді мемлекеттік тіркеуді:

1) жеткізіп беру шарттарымен, Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы талаптарымен субъектілер ұсынатын және тамақ өнімінің сәйкестігін растайтын құжаттарын сараптауды;

2) ғылыми және зертхана зерттеулерінің жүргізген қорытындыларының с а р а п т а м а с ы н ;

3) Қазақстан Республикасы аумағында өндіруге (дайындауға), әкелуге (импорттан) рұқсат берілген мал азығы қоспаларының, тағамдық биологиялық белсенді қоспаларының, генетикалық түрлендірілген объектілерінің Мемлекеттік тізілімге е н г і з у д і ө з і н е қ а м т и д ы .

3. Бір өндірушімен дайындалған, бір атаумен тамақ өнімінің бір түрін (әртүрлі жабдықтаушы-делдалдардан) бірнеше рет мемлекеттік тіркеуге жол берілмейді.

4. Тіркелуге жататын тамақ өнімі, мал азығы қоспалары, тағамдық биологиялық белсенді қоспаларына және генетикалық түрлендірілген объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген тамақ өнімін тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар белгілеген мерзімде қолдануға рұқсат етіледі.

5. Қазақстан Республикасында консервіленген тамақ өнімін тіркеу Қазақстан Республикасының үкіметімен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3 тарау. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою бойынша субъектілердің құқықтары мен міндеттері

9-бап. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою бойынша субъектілердің құқықтары

С у б ь е к т і л е р д і ң :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумақтың және (немесе) объектінің санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринариялық-санитарлық туралы дұрыс ақпараттарды уақытылы алуға;

2) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларын, гигиеналық нормативтерін, ветеринариялық-санитарлық ережелер мен нормативтерін орындау мақсатында зерттеулер жүргізу бойынша мемлекеттік органдарға жүгінуге;

3) санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) және ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды өткізуге қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы нормативті-құқықтық актілерді, техникалық регламенттерді әзірлеуге қ а т ы с у ғ а ;

5) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы

заңнамаларының тиісті міндетті талаптарымен ұйымның стандарттарын әзірлеуге және б е к і т у г е ;

6) тамақ өнімінің қауіпсіздігіне өндірістік бақылаудың бағдарламасын әзірлеуге;

7) тамақ өнімінің қауіпсіздігін және менеджмент сапа жүйесін ендіруге;

8) оны өндіруде стандарттар талаптарына сәйкес келген кезде, биологиялық таза тамақ өнімдерін экологиялық белгімен таңбалауға құқығы бар.

10-бап. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою бойынша субъектілердің міндеттері

1 . С у б ь е к т і л е р :

1) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамаларының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге;

2) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамаларына сәйкес ол үшін міндетті жарамдылық мерзімін белгілеуге;

3) оны өндіру (дайындау), айналым және қайта кәдеге жарату процестерінде (сатыларында) тамақ өнімінің әрбір партиясының қауіпсіздігіне өндірістік бақылауды қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

4) тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестеріндегі (сатыларындағы) қауіпті қасиеттерді сіңіруіне әкеп соқтырған бұзушылықтар туралы тиісті хабарды тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдарға хабарлауға және осы өнімді сараптамаға жолдауға;

5) егер тамақ өнімі қауіпті қасиеттерді сіңіруіне әкеп соқтырған болса, онда тамақ өнімін әзірлеу (жасау), айналым және қайта кәдеге жарату процестерін (сатыларын) тез арада тоқтатып, оларды сатып алушылардан (тұтынушылардан) қайтарып алуды қамтамасыз етуге, сараптама жүргізуді қамтамасыз етуге, содан соң оны Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталған тәртіппен қайта кәдеге жаратуды және (немесе) ж о ю д ы ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

6) тамақ өнімін сатып алушыларға (тұтынушыларға), сонымен қатар тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдардың талаптары бойынша оларға тамақ өнімінің қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды ұсынуға;

7) олар өндірген немесе сатқан тамақ өнімімен байланысты қауіп-қатерді болдырмау немесе азайту жөніндегі іс-қимылдары бойынша уәкілетті органдармен б і р л е с і п і с т е у г е ;

8) тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою бойынша оның барлық процестерінде (сатыларында) тамақ өнімінің бірдейлендіруі мен бақылап отыру мүмкіншілігін қамтамасыз ету;

9) тамақ өнімін өндіру және сату объектілерін, сонымен қоса консервіленген тамақ өнімін тіркеуді жүзеге асыруға міндетті.

2. Егер субъектілер әкелетін (импорттан), өндіретін (дайындайтын), қайта өңдейтін

немесе сататын тамақ өнімі қауіпсіздік талаптарымен сәйкес келмейді деп санаса немесе күдіктенген жағдайда, олар дереу:

- 1) тамақ өнімін алып тастау рәсімін бастауға;
- 2) тұтынушылар үшін қауіп-қатерді болдырмау мақсатында қабылданған әрекеті туралы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдарға хабар етуге міндетті.

4 тарау. Тамақ өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

11-бап. Тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ең аз қажетті жалпы талаптар мен шаралар

1. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленгендей тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен оны әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестеріне (сатыларына) қойылатын талаптар субъектілермен орындау үшін міндетті болып табылады.

2. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі:

1) субъектілердің Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамаларының талаптарын сақтауы;

2) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігіне өндірістік бақылау жүргізу;

3) тамақ өнімінің Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарымен сәйкестігін растауы;

4) санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринариялық-санитарлық сараптама жүргізу;

5) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу шараларын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасымен белгіленген тамақ өнімінің қауіпсіздігіне және тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою бойынша оның процестеріне (сатыларына) қауіпсіздік талаптарын субъектілер орындау үшін міндетті болып табылады.

3. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдардың келісімі бойынша тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестері (сатылары) жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым және қайта кәдеге жарату процестерінің (сатыларының) мынадай көрсеткіштер бойынша сәйкес келмейтін:

- 1) сапасыздығының айқын белгілері бар (бүлінген, бұзылған, ластанған);

2) радиологиялық, токсикологиялық, химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерінің бөлігі бойынша қойылатын талаптарға жауап бермейтін;

3) олардың қауіпсіздігін куәландыратын және олардың шыққан жерін растайтын құжаттардың болмауы;

4) белгіленген жарамдылық мерзімінің болмауы немесе жарамдылық мерзімінің өтіп кетуі;

5) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасымен қарастырылғандай мәліметтер бар таңбалаудың жоқ болуы;

6) ұсынылған ақпаратқа сай келмейтіндер жіберілмейді.

5. Генетикалық түрлендірілген объектілердің айналымы, тек қана олардың қауіпсіздігін ғылыми-негіздегі растаудан кейін және мемлекеттік тіркеу өткізгеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен рұқсат беріледі.

12-бап. Арнайы мақсаттағы тамақ өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Арнайы мақсаттағы тамақ өніміне:

- 1) балалар тағамы өнімі;
- 2) мал азығы қоспалары, тағамдық биологиялық белсенді қоспалар;
- 3) диетикалық өнімдер және емдеу-профилактикалық тағамдары жатады.

2. Арнайы мақсаттағы тамақ өнімі:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен арнайы мақсаттағы тамақ өнімінің алдына қойылған талаптарға сәйкес;

2) сатып алушылардың (тұтынушылардың) тиісті тобының физиологиялық тұтынуын қанағаттандыру;

3) бумада (ыдыста) көрсетілген тағамдық, биологиялық және энергетикалық ақпараттары сай болуы керек.

3. Балалар тағамы өнімін, диеталық және емдеу-профилактикалық тағамдардың өндіру (дайындау) кезінде өсімін жеделдеткіштер (соның ішінде гормонды препараттар), дәрілік заттардың жекелеген түрлері, пестицидтер, агрохимикаттар, генетикалық түрлендірілген объектілер, бірдейлендірілмеген заттар мен құрамалар және жасанды тағам қоспалары пайдаланылған азық-түлік шикізатын қолдануға тыйым салынады.

13-бап. Байытуға (фортификациялауға) жататын тамақ өніміне қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімі байытылуы (фортификациялануы) мүмкін.

2. Тамақ өнімін байыту (фортификациялану) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Байыту (фортификациялау) әдістері нормативтік-техникалық құжаттарға, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес келуі керек.

14-бап. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау) кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Субъектілер әзірлейтін нормативтік-техникалық құжатқа, тамақ өнімі қауіпсіздігінің көрсеткіштері, оның жарамдылық мерзімі, буып-түюге, таңбалауға, әзірлеуге (жасау), өндіруге (дайындау), айналым процестеріне (сатыларына) қойылатын талаптары, оның қауіпсіздігіне өндірістік бақылау бағдарламасы, зерттеу әдістері, қауіп-қатерді бағалау, оны барынша азайту тәсілі, қайта кәдеге жарату тәсілі және қауіпті тамақ өнімін жоюы енгізіледі.

2. Тамақ өнімінің нормативтік-техникалық құжаты мен тәжірибе үлгілерінің жобалары Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитарлық сараптауға жатады.

Көрсетілген жобалар тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдармен өз құзыреті шеңберінде келісіліп, тамақ өнімі қауіпсіздігінің субъектілерімен бекітіледі және олар үшін міндетті болып табылады.

3. Әзірлеу (жасау) кезінде тамақ өнімінің барлық әзірлеу (жасау), айналым және қайта кәдеге жарату процестерінде (сатыларында) мүмкін болатын барлық қауіп бірдейлендірілуі керек, оның ішінде әдеттегі немесе төтенше жағдайлар кезінде (сыртқы әсерлерде), субъектілер қызметкерлерінің болжалды қателіктері және жол берілмейтін пайдалану.

4. Барлық бірдейлендірілген қауіптер үшін қауіп-қатерлер есептеумен, сынақпен, сараптама жолымен бағалануы керек.

5. Тамақ өнімінің әрбір түрлері үшін қауіп-қатерді бағалауын өткізгенін есепке ала отырып, әзірлеу және құру кезінде тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), айналым және қайта кәдеге жарату айналымының барлық процестерінде (сатыларында) қауіп-қатерді мүмкін (қолайлы) деңгейге дейін жою немесе азайту (төмендету) үшін барлық шаралар жиынтығы анықталу керек.

15-бап. Тамақ өнімін өндіру (дайындау) кезінде оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Өндіру үшін, Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін шикізат пен тағам қоспалары қолданылуы керек.

2. Тағам мақсаттары үшін қолданылатын өсімдік пен мал шикізаттарын өндіру кезінде, осы Заңның 12 б. 3 т. айтылған жағдайлардан басқа мемлекеттік тіркеуден өткен мал азығы қоспаларын, мал өсімін жеделдеткіштерін, пестицидтерді, агрохимикаттарды пайдалануға жол беріледі.

3. Шығарылатын (дайындайтын) тамақ өнімінің жекелеген ингредиенттерін алмастыру халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органның келісімімен жүргізіледі.

4. Жабдықтар, аумақ, сумен жабдықтау, канализация, жылыту жүйесі, ауаны алмастыра және өндірістік, қосымша, санитарлық-қызмет көрсету бөлмелерге жарық түсіру және қызметкерлердің жұмыс жағдайлары Қазақстан Республикасының тамақ

өнімі қауіпсіздігі саласындағы заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы
к е р е к .

Тамақ өнімін өндірумен (дайындаумен) байланысты экологиялық жайларды бағалау , қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңдармен сәйкес жүргізіледі.

5. Объектіні мемлекеттік тіркеу, тек қана тиісті уәкілетті органдардың қорытындысы мен объектіні мемлекеттік тіркеуі бар болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталатын тәртіппен жүргізіледі.

16-бап. Тамақ өнімін бөлшектеп өлшеп салу, орау және таңбалау кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес тамақ өнімдерінің айналымы кезінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тәсілдермен бөлшектеніп өлшеп салынуға және орауға
т и і с .

2. Буып-түю материалдардың және бұйымдардың этикеткаларында, жапсырмаларында, қосымша парақтарында және желімдеулерінде (стикерлерде), Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ақпараттан басқа тамақ өнімдерінің түрлері есепке алына отырып, ақпараттардан басқа, мемлекеттік және орыс
т і л д е р і н д е :

- 1) өнімнің тағамдық және биологиялық құндылықтары;
 - 2) тағайындаулар мен қолдану шарттары (арнайы тағайындалған тағамдар үшін);
 - 3) тамақ өнімін дайындау тәсілдері мен шарттары (тамақ өнімінің концентраттары мен жартылай фабрикаттары үшін);
 - 4) сақтау шарттары мен жарамдылық мерзімдері;
 - 5) тамақ өнімі дайындалған күні;
- б) құрамы, сонымен қоса тағамдық және азық қоспалардың, тағамдық биологиялық белсенді қоспалардың, генетикалық түрлендірілген объектілердің бар болуы мен саны туралы мәліметтер болуы керек.

17-бап. Тамақ өнімін сақтау және тасымалдау кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімін сақтау және тасымалдау Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Тамақ өнімін сақтау Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиісті арнайы жабдықталған үй-жайларда, сақтауға рұқсат беріледі.

3. Тамақ өнімін тасымалдау үшін арнайы осы мақсаттарға арналған және (немесе) жабдықталған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген санитарлық құжаты бар көлік құралдары пайдаланылады.

4. Егер тамақ өнімін сақтау және (немесе) тасымалдау кезінде олардың қауіпті

қасиеттерін тудыруға әкеп соқтырған бұзушылыққа жол берілсе, онда ол айналымнан алынып және тиісті сараптамаға жіберіліп, соның нәтижелеріне сәйкес қайта кәдеге жаратылады немесе жойылады.

18-бап. Тамақ өнімін сату кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімін сату, Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін тек қана арнайы жабдықталған үй-жайларда, ғимараттарда рұқсат беріледі.

2. Егер тамақ өнімін сату кезінде олардың қауіпті қасиеттерін тудыруға әкеп соқтыратын бұзушылыққа жол берілсе, онда ол айналымнан алынып және тиісті сараптамаға жіберіліп, соның нәтижелеріне сәйкес қайта кәдеге жаратылады немесе ж о й ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасынан экспортқа шығатын тамақ өнімі, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын қанағаттандыру керек, импорттаушы елдердің қолданыстағы заңдарымен, регламенттерімен, стандарттарымен және басқа да нормативтік-құқықтық актілерімен басқа талап етілмеген жағдайлардан басқа.

4. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына оның сәйкестігін растайтын құжаттары жоқ тамақ өнімдерін сатуға тыйым салынады.

19-бап. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін (импорттан) тамақ өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін (импорттан) тамақ өнімінің қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге:

1) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына оның сәйкес келетінін куәландыратын құжаттары жоқ;

2) осы Заңның 8 бабының талаптарына сәйкес тіркеу жүргізу үшін қажетті үлгілерден басқа, мемлекеттік тіркеуден өтпеген тамақ өніміне тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде тамақ өнімін, олардың тауарлық ілеспе құжаттарын тексеруден өткізеді және мұндай тамақ өнімінің Қазақстан Республикасы аумағында әкеліну (импорт) мүмкіндігі туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Егер Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тамақ өнімі, осы Заңның 11 б. 5 т. талаптарына сәйкес келмесе, осы тармақта аталған лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді уақытша тоқтата тұру, оларды сараптауға жалдау жөнінде шешім қабылдайды немесе оларды әкелуге тыйым салуды белгілейді.

4. Сараптама нәтижелері бойынша қауіпті деп танылған тамақ өнімін алып кетуге

м і н д е т т і .

Егер қауіпті тамақ өнімі осы тармақта белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілмеген болса, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алып қойылады, қайта кәдеге жаратылады немесе жойылады.

20-бап. Қауіпті тамақ өнімін өндіру (дайындау), айналым процестерінен (сатыларынан) алып тастауға, оларды қайта кәдеге жаратуға немесе жоюға қойылатын талаптар

1. Қауіпті тамақ өнімін өндіру (дайындау), айналым процестерінен (сатыларынан) а л ы н ы п т а с т а у ғ а ж а т а д ы .

Қауіпті деп танылған тамақ өнімін иеленуші оларды өндіру (дайындау) айналым процестерінен (сатыларынан) өзі алып тастауға немесе тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдардың ұйғарымдары негізінде анықталған кезден бастап д е р е у а л ы п т а с т а у ғ а м і н д е т т і .

Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдардың ұйғарымдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым берілуі м ү м к і н .

2. Егер қауіпті тамақ өнімін иеленуші оларды өндіру (дайындау), айналым процестерінен (сатыларынан) алып тастау жөнінде шаралар қолданбаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қоюға ж а т а д ы .

3. Өндіру (дайындау), айналым процестерінен (сатыларынан) алып тасталған қауіпті тамақ өнімі олардың қайта кәдеге жаратылу немесе жою мүмкіндіктерін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілетін тиісті сараптама жасауға жатады. Қауіпті тамақ өнімін қайта кәдеге жарату немесе жою туралы шешім сараптаманың нәтижелері бойынша қабылданады.

4. Шыққан жері белгісіз, сондай-ақ сапасыздықтың белгілері бар және осыған байланысты адам мен мал өмірі және денсаулығына тікелей қатер төндіретін тамақ өнімі сараптамадан өткізілмей-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қоюға және жойылуға жатады.

5. Өңделген өнімді мақсаты бойынша немесе оның жаңа атауымен одан әрі пайдалану тиісті халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы қорытындыларды ала отырып, сараптаманың оң нәтижелері болған кезде ғана мүмкін б о л а д ы .

6. Адам мен мал үшін қауіп төндіретін залалды тамақ өнімдерін жою алдында олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен з а р а р с ы з д а н д ы р ы л а д ы .

7. Қауіпті тамақ өнімінің сараптамасына, тасымалдануына, қайта кәдеге жаратылуына немесе жойылуына қатысты шығындарды оларды иеленушілер төлейді.

8. Аурулардың пайда болуы мен таралуын, адам мен жануарлардың улануын

болғызбау мақсатында тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар қауіпті тамақ өнімінің қайта кәдеге жаратылуын немесе жойылуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

21-бап. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым және қайта кәдеге жарату бойынша субъектілердің қызметшілеріне қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімін әзірлеуге (жасауға), өндіруге (дайындауға), айналымы мен қайта кәдеге жаратуға қатысатын қызметші, алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен гигиеналық оқытудан өтеді.

2. Субъектілер қызметшілердің алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден өтуін және гигиеналық оқуын қамтамасыз етулері тиіс.

Алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден өтпеген қызметшілер тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым процестеріне (сатыларына) жіберілуге рұқсат берілмейді.

Жұқпалы, паразиттік аурулармен ауырады деп күдік келтірілген, алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден өтпеген қызметшілер осы бапта аталған тамақ өнімінің әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым процестеріне (сатыларына) жіберілмейді.

22-бап. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым процестерінде (сатыларында) пайдаланылатын машиналар мен жабдықтарға, материалдар мен бұйымдарға қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым процестерінде (сатыларында) пайдаланылатын машиналар мен жабдықтар, материалдар мен бұйымдар :

1) Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы ;

2) тек қана мақсаты бойынша пайдалану;

3) тамақ өнімімен байланыста болатын материалдар мен бұйымдарда пайдаланылатын материалдар мен олардың композицияларында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген тәртіппен уәкілетті органдар берген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылар болуы керек.

2. Тамақ өнімімен байланысатын тасымалдау ыдыстарының барлық бөліктері (цистерналар, танкерлер және басқа да) құбырлар, сорғылар, шлангілер, машиналар, көлік құралдары, жабдықтар және аппараттар Қазақстан Республикасының азық-түлік саласындағы машина жасау және тамақ өнеркәсібі үшін қолдануға рұқсат берген материалдардан дайындалуы керек.

3. Тамақ өнімімен түйісетін материалдар мен бұйымдарды бірдейлендіру және қауіп-қатерді бағалау үшін қажетті деңгейге дейін төмендегілерді қоса сипатталуы керек :

- 1) химиялық, биологиялық және физикалық сипаттамаларды;
- 2) тұтыну, оның ішінде қосымша мен өңдеу мақсаты;
- 3) шыққан жері және өндіру әдісі;
- 4) жеткізіп беру, буып-түю әдістері мен сақтау жағдайлары;
- 5) пайдалану алдындағы дайындық;

б) қабылдау белгілерін қосқанда.

23-бап. Тамақ өнімін бақылап отыруға қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімін бақылап отыру тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою бойынша барлық процестерінде (сатыларында)

қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

2. Тамақ өнімін бақылап отыру:

- 1) б і р д е й л е н д і р у ;
- 2) м ә л і м е т т і ж и н а у ж әне ж а з ы п а л у ;
- 3) б а й л а н ы с т ы б а с қ а р у ;
- 4) м ә л і м е т п е н а л м а с у ж о л д а р ы м е н қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

3. Технологиялық құжаттар және басқа да құжаттар дайындау арқылы тамақ өнімін әзірлеудің (жасаудың), өндірудің (дайындаудың), айналымның, қайта кәдеге жаратудың және жоюдың барлық процестерінде (сатыларында) өнімі бақылап отыру қамтамасыз етіледі, оларда қажетті технологиялық және бақылау операцияларын өткізгені туралы жазба жазылады және табылған ақаулар мен оларды жою жөніндегі қабылданған шаралар көрсетіледі.

Осы құжаттарды рәсімдеу субъектілердің тиісті таңбасымен және қолы арқылы жүргізіледі.

Бақылап отыру жөніндегі мәліметтің жазбасы тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес тамақ өнімін қайта шақырып алу үшін белгілі бір кезеңде жүргізілуі тиіс.

4. Оған тамақ өнімін жеткізіп беретін кез келген тұлғаның әзірлеуін (жасау), өндіруін (дайындау) және айналымын бірдейлендіруге субъектінің қабілеті болуы керек, сонымен қоса оның талабы бойынша уәкілетті органдарға ақпарат беруге мүмкіншілігі болуы керек.

5. Оның өнімін жеткізіп берген басқа сауда кәсіпорындарын бірдейлендіру үшін, субъектілердің жүйесі мен процедурасы болуы керек. Осы ақпарат тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдарының талаптары бойынша ұсынылуы тиіс.

6. Сатуға жататын тамақ өнімін ары қарай бақылап отыру үшін бірдейлендіруі және таңбалау болуы керек.

24-бап. Өндірістік бақылауға қойылатын талаптар

1. Тамақ өнімінің қауіпсіздігіне өндірістік бақылау тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары негізінде субъектілермен әзірленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Тамақ өнімінің қауіпсіздігіне өндірістік бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестацияланған және (немесе) аккредиттелген зертханаларда жүзеге асырады.

25-бап. Биологиялық таза тамақ өнімдеріне қойылатын талаптар

1. Органикалық өндірілген тамақ өнімдері экологиялық стандарттар негізінде дайындалады.

2. Биологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру (дайындау), таңбалау биологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) стандарттауы бойынша нормативті құжаттардың талаптарына сай жүзеге асырылады.

26-бап. Ауыз суы қауіпсіздігіне қойылатын арнайы талаптар

1. Ауыз суы Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Су тоғандары ғимараттарының, су дайындау ғимараттарының, сорғы станцияларының, су құбырлар жүйесінің, су сақтайтын ыдыстардың, сумен қамтамасыз ету айналымы ғимараттардың техникалық құрылғыларына ауыз судың қауіпсіздігі бөлігі бойынша қойылатын талаптар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органдармен белгіленеді.

3. Жер бетіндегі және жерасты көздерінен шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне су беретін, сумен қамтамасыз ететін көздерде және су құбырлар ғимараттарына санитарлық қорғау аймағы Қазақстан Республикасының заңдары талаптарына сәйкес, санитарлық қорғау аймағы болуы керек.

4. Су дайындау, бірінші көтеру сорғылық станциясы мен өңделмеген суды айдау алаңдары, жер асты мен жер бетіндегі суды айдау ғимараттары, шаруашылық-ауыз су құбырлары ғимараттары, ұйымдардың аумағында орналасқан резервуарлар мен суды қысыммен айдағыш мұнаралары үшін алаңдар, құрылыс шарбақтарына жақындауы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы заңдармен белгілейді.

5. Минералды табиғи суды пайдалануға курортология ғылыми орталықтарынан оларға бальнеологиялық қорытынды алғаннан кейін, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті орган анықтайтын тәртіппен рұқсат етіледі.

27-бап. Мал азығы мен азық қоспалары қауіпсіздігіне қойылатын арнайы талаптар

1. Мал азығы және азық қоспалары Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Мал азығы және азық қоспалары, ветеринарлық-санитарлық тұрғыдан қолайлы аумақтан шығуы керек.

3. Елімізге әкелінетін мал азығы мен азық қоспаларын тексеру және зертханалық сараптама аймақтың эпизоотикалық жағдайлары мен олардың шыққан жерлері есепке алына отырып жүргізілуі міндетті.

5 тарау. Тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі процедура

28-бап. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі сәйкестігін растау

1. Тамақ өнімінің қауіпсіздігі сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Шет мемлекеттердің тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі сәйкестігін растау саласындағы құжаттары халықаралық шарттарына сәйкес мойындалады.

29-бап. Тамақ өнімін бірдейлендіру

1. Тамақ өнімін бірдейлендіру мынадай шаралар арқылы қамтамасыз етіледі:

1) тамақ өнімі партиясының көлемін анықтау;
2) бірдейлендіру әдістері (күнін белгілеу, тамақ өнімі партиясының шартты белгілері);

3) қайтар жолын бақылап отыру мақсаты үшін тиісті жазба жүргізу.

2. Барлық тамақ өнімінде мынадай мазмұндағы анық және өшпейтін бірдейлендірілген жазба мәліметтері болуы тиіс:

1) өнімнің атауы және (немесе) сериясын, түрін немесе нөмірін белгілеу;

2) әзірлеушінің толық атауы және оның заңды мекен жайы;

3) өндіріс объектісінің тіркеу нөмірі, сонымен қоса консервіленген тамақ өнімдері үшін тамақ өнімі түрлерінің реттік нөмірі;

4) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде қарастырылғандай жағдайындағы сәйкестік белгісі;

5) дайындау күні мен жарамдылық мерзімі.

3. Барлық потенциалды қауіп-қатерлер бірдейлендірілуі тиіс.

4. Егерде тамақ өнімін рынокқа субъектпен орналастырса, онда оның нормативтік-техникалық құжаттары болуы керек.

30 бап. Қауіп-қатерді талдау, бағалау және басқару

1. Тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қолданылатын шаралар, қауіп-қатерді талдауға негізделу керек.

2. Тамақ өнімі қауіпсіздігінің қауіп-қатерін бағалау кезінде тиісті өндіріс (дайындау) және өңдеу әдістерінің, инспекциялық әдістері, ішінара бақылау, зертхана зерттеулері, белгілі бір аурудың таралу деңгейі, ауру жоқ жердің бар болуының ғылыми мәліметтері пайдалану керек.

3. Тамақ өнімі қауіпсіздігінің қауіп-қатерін бағалау:

1) тағам өндіру үшін тағайындалған адам мен малдың организміне жағымсыз әсер тигізуі мүмкін тамақ өнімдерінің осындай сипатын табу;

2) адам организміне әсерін тигізетін потенциалды қауіптің әр-біріне ықпал жасау;

3) табылған қауіп-қатердің шектеу шараларын тең анықтаулар жолдарымен жүзеге асырылады.

4. Тамақ өнімі қауіпсіздігінің қауіп-қатерін бағалау әрбір нақты жағдайлардағы тамақ өнімдерінің зертхана зерттеулері кезіндегі қауіп-қатерін бағалау жинағы ретінде жүзеге асады.

5. Тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жоюдың барлық процестерінде (сатыларында) қауіп-қатерді бағалау және оларды барынша азайту әдістері туралы мәліметтер нормативтік-техникалық құжаттарда ж а з ы л у ы т и і с .

Тамақ өнімінің жаңа түрлерін әзірлеу (жасау) кезінде тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптармен қарастырылғандай қауіп-қатерге талдау жасау міндетті.

6. Қауіп-қатерді басқару қауіп-қатерді бағалаудың қорытынды есебіне, сонымен қоса адам денсаулығы үшін зиян әсерін тигізетін мүмкіншілікті алдын алу принциптеріне негізделуі тиіс.

31-бап. Адам өмірі мен денсаулығы үшін зиянды әсердің мүмкіншілігін ескерту

1. Ерекше жағдайларда, егер қауіп-қатерді талдау және бағалау кезінде адам өмірі мен денсаулығына зиян әсерінің мүмкіншілігі бірдейлендірілген, алайда уәкілетті органмен оның деңгейін анықтау үшін қолдағы ғылыми мәліметтер жеткіліксіз ерекше жағдайларда, қауіп-қатерді басқару бойынша қажетті уақытша шаралар қолданылуы м ү м к і н .

2. Осы баптың 1 тармағының негізінде қабылданған қауіп-қатерді басқару жөніндегі шаралар адам өмірі мен денсаулығын қорғауына қол жеткізу үшін талап етілетін керекті деңгейден аспайтын өзіне шектеу қоюы мүмкін.

3. Қауіп-қатерді басқару жөніндегі шаралар анықталынып жатқан қауіп-қатер деңгейінің ғылыми мәліметін алу үшін талап етілетін ең аз қажетті уақыт кезеңі аралығында қайта қаралуы мүмкін.

6 тарау. Қорытынды ережелер

32-бап. Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

33-бап. Ауыспалы кезеңде генетикалық түрлендірілген объектілері бар тамақ өнімін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналым, қайта кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) ерекшеліктері

Тамақ өніміндегі генетикалық түрлендірілген объектілердің қауіпсіздігін ғылыми негіздегі растауын анықтағанға дейін Еуроодақ мемлекеттерінде белгілеген тамақ өніміндегі олардың мөлшерінің деңгейінен артық болмауы қолданылады.

34-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 11 баптың 5 тармағын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 543-ІІ Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж. N 6, 43-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ